

Тастан тарих жасаған

Мүсін өнерінің ежелден келе жатқан өнер екенін бәріміз білеміз. Ежелгі бір аңызда айтылғандай, Ежелгі Грецияда өте ерте кезде бір мүсінші болыпты. Ол жан баласына жоламай, күні-түні шеберханасынан шықпапты. Оның аты Пигмалион екен. Ол ұзақ жылдар бойы Галатея деген қыздың тас мүсінін жасапты. Мүсіннің шебер жасалғаны соншалықты, мүсінші өзі қашап салған қызға өзі ғашық боп қалыпты. Ол мәрмәр Галатея тірі адамға айналса екен деп тілепті. Афродита деген құдай, мүсіншіні аяп, тас мүсінге жан бітіріпті-мыс.

Бәлкім, бұл аңыздың шығуына ежелгі гректер төңірегіндегі шеберлер қолынан туған мәрмәр мүсіндерді кеудесінде жаны бар тірі кісідей ардақ тұтқаны себепші болған шығар.

Мүсін - ең ежелгі өнердің бірі. Мүсіннің шығу тарихы - Қазақстан аумағында ежелгі мүсін өнері ескерткіштері тас дәуірінде пайда болған. Бұл тас мүсін - Балбал тастар. Ежелгі мүсіндерден жауынгерлер, бақташылар, қариялар мен әйелдер мүсінін көре аламыз. Онда киім, қару-жарақ, бас киім, белдік, әйелдер әшекейінің жеке бөліктері байқалады. Фигуралардың көпшілігі оң қолымен не екі қолымен текше пішінді ыдыс



Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Әбілбек Ұзақов жұмыс үстінде

немесе тостаған ұстаған. Көбіне мүсіндер өлген адамдар басына орнатылған. Тас мүсіндердің келесі түрі «Елік тастар» - құрбан шалынатын және қасиетті орындарға қойылатын құлпытастар.

Осындай ғажайып, дегдар өнердің иесі Қостанай облысы, Аманкелді ауданының тумасы Әбілбек Ұзақов туралы бүгінгі өнер сүйер қауым қаншалықты біледі?

Болашақ мүсінші 1936 жылы 31 қазанда Аманкелді ауданына қарасты Ырымбай шығанағы деген жерде дүниеге келген. Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тап келген талабы таудай бала 1943-1947 жылдары Смайыл бастауыш мектебінде оқып, дәріс алған. 1947-1954 жылдары аудан орталығындағы Аманкелді орта мектебінде білім алып, онжылдықты бітіріп

шыққан. Бала кезден-ақ бойына Тәңір құйған дарын мен талант шәкірт қиялын биіктерге жетелей берсе керек. Үлкен өнер жолына түспес бұрын ішкі әзірлігін шыңдау жылдарында, атап айтсақ, 1954-1955 жылдары аудан орталығында жүргізушілер дайындайтын курсына түсіп, жүргізуші мамандығын алып шығады. Бір жылдай Аманкелді аудандық партия комитетінде хатшының жүргізушісі болып жұмыс атқарады. Үлкен өнерге қадам басатын шағы туып, 1960 жылдары Алматының Н. В. Гоголь атындағы суретшілік училищесіне түсіп, осы училищенің толық курсын мүсінші мамандығы бойынша 1965 жылы бітіріп шығады. Әбілбек Ұзақовтың суретші-мастер деген біліктілік беріледі.

«Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан!» - деген хәкім Абайдың қанатты нақылы дем беріп, 1965-1997 жылдар аралығында, яғни, ұзақ жылдар бойы аудандық мәдениет бөлімінде, аудандық тұрмысқа жетілдіру комбинатында суретші-мүсінші, сахна декораторы және гримдеуші болып қызу еңбек майданына араласады. Осы өнімді жылдарда өнері мен таланты сан қырынан жарқырай ашылады. Оған дәлел - осы жылдар ішінде қашалған аудандағы еңбек одақтарының бірнеше бюстері және Ұлы Отан соғысынан оралмай қалған бауыр-жерлестердің аттары жазылған ескерткіш тақталар.

Зейнетке шыққан мүсінші 1998 жылы Арқалық қаласына қоныс аударады. 2002 жылы Арқалық қаласы әкімшілігінің шешімі бойынша мүсіншілік жолындағы ең ғажайып туындылардың бірі - халық батыры Амангелді Үдербайұлы Имановтың биіктігі 6 метр ескерткішін жасап шықты.

Ауыр еңбек пен көп ізденісті қажет ететін осы бір қиын салаға құлаш ұрған дарынды тұлға ел тарихында, туған өлкесінің шежіресінде өшпес ізі қалған Қошқар, Иман және Жәуке сияқты ел батырларының бюстерін жасап, ол туындылары Аманкелді ауданы әкімшілігінің алдынан лайықты орын тапты. Бұдан кейін де Әбекең қызықты да қиын өнерден қол үзбей 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің батыры, атақты мерген Кейік Көкембайұлының ғажайып ескерткішін жасап шықты. Ескерткіш қала мұражайының алдына қойылып,

салтанатты түрде ашылды.

Мағыналы ғұмырындағы атқарған зор еңбегі ескеріліп, ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы желтоқсанның 5-індегі Жарлығы бойынша «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Суретшілер одағына мүше болды және облыстық «Шабит», «Қазына» сыйлығының игері. Мақтау грамоталары мен алғыс хаттары бір төбе. Осындай тынымсыз, қажырлы еңбегі ескеріліп, Торғай өңіріне танымал, еңбегі зор, «Құрмет» орденінің иегері Әбілбек Ұзақовтың есімін дұрыс бағалану үшін құрметпен қарап, қаламыздағы №10 шы жалпы білім беретін орта мектепке беруге ұсыныс жасағым келеді. Ұсыныс шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Шамам келгенше өмірден өткен, елін, жерін қорғаған, Отанын сүйген жақсы адамдардың бейне - мүсінін жасаумен шұғылданып, келешекке, кейінгі жас ұрпаққа үлгі ретінде қалдырмақпын», - деп өзі өмірлік кредосын айқындап кеткен халқымыздың аяулы перзентінің тамаша мұралары бізбен бірге жасай бермек.

Аңызда айтылғандай, Әбілбек Ұзақовтың қолынан шыққан тас мүсіндерге жан бітіп, тәуелсіз елдің ұрпақтарымен сырласып тұрғандай.

Г. КОНКИНА,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық
институты Тарих және өнер
факультетінің деканы, ф.ғ.к.,
АрқПИ профессоры.